

## "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 07 наурыздағы № 515 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 04 сәуірде № 4631 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 461 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Қаулының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 23.12.2014 N 797 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Қоса берілген "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 23.12.2014 N 797 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. "Қызылорда облысы әкімінің аппараты", "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы", "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындастын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Годуноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*К. Көшербаев*

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 7 наурыздағы  
N 515 қаулысымен бекітілген

# **"Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

**Ескерту. Қосымшаның атауы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 23.12.2014 № 797 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу саласындағы функцияларды, сондай-ақ, облыс әкімдігімен айқындалатын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірынғай мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты субъект құқықтарын, коммуналдық меншік құқықтарын "Қызылорда облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі іске асырады.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыш 1.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 23.12.2014 № 797 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы мемлекеттік сатып алуарды, сондай-ақ, облыс әкімдігімен айқындалатын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірынғай мемлекеттік сатып алуарды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

15. Негізгі міндеттері:

- 1) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаржыны онтайлы және тиімді жұмсау.

16. Функциялары:

- 1) тапсырыс беруші бекіткен немесе нақтылаған мемлекеттік сатып алуардың жылдық жоспары (мемлекеттік сатып алуардың алдын ала жоспары) негізінде конкурс (ашық конкурс, біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін

конкурс, екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс), аукцион, баға ұсыныстарын сұрату, бір көзден алу тәсілдерімен мемлекеттік сатып алушарды жүзеге асыру;

2) облыс әкімдігі айқындаған бюджеттік бағдарламалар және (немесе) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алушарды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

3) әрбір конкурсқа немесе аукционға жеке конкурстық немесе аукциондық комиссияны бекіту және конкурстық немесе аукциондық комиссияның хатшысын айқындау;

4) қажет болған жағдайда әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындау үшін сараптау комиссиясын не сарапшыны бекіту;

5) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін, сондай-ақ, конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алушарды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, конкурс немесе аукцион жүргізуудің шарттары мен тәртібін анықтау үшін мемлекеттік сатып алу веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы қалыптастыру және оны тапсырыс берушімен келісу;

6) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын тапсырыс берушіге бекіту үшін ұсыну.

Мемлекеттік сатып алушарды бірыңғай ұйымдастырушы жүзеге асырған жағдайда мемлекеттік сатып алушарды бірыңғай ұйымдастырушы әзірлеген конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын бекіту;

7) конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауды ұйымдастыру;

8) конкурс немесе аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алушарды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ, конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың жобасын мемлекеттік сатып алушар веб-порталында орналастыру;

9) заңнамамен бекітілген тәртіpte біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлу арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алушарды жүзеге асыру;

10) әлеуетті өнім берушінің банктік кепілдік түрінде қағаз тасығышта енгізген конкурсқа немесе аукционға қатысады қамтамасыз етуін қабылдан алу фактісін банктік кепілдіктерді тіркеу журналына есепке алу;

11) заңнамамен көзделген жағдайларда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа

немесе аукционға қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді қайтаруды жүзеге асыру;

12) заңнамамен көзделген жағдайларда конкурсқа немесе аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасын тиісті бюджет кірісіне жатқызылуы бойынша шаралар қолдану;

13) заңнамамен көзделген жағдайларда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алушардың жеңімпазына мемлекеттік сатып алушардың веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жіберу;

14) заңнамамен көзделген жағдайларда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алушарды жүзеге асыру.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

Басқарма жұмысының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды облыс әкімдігінің және әкімінің қарауына енгізуге;

мемлекеттік органдарда, сотта Басқарманың мұддесін білдіруге;

өз құзыреті шегінде шарттар мен келісімдер жасасуға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2) Басқарма:

жеке және занды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен оларға жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

занды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру**

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтөн босатылады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалып және қызметтөн босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда басқарманың мүддесін білдіреді;

3) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары бойынша оның құзыретіне жатқызылған басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтөн босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді көтермеледі жүзеге асырады және қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;

6) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттамасына қол қояды;

7) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Басқарманы білдіреді;

8) шарттар жасайды;

9) сенімхаттар береді;

10) сыйайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл бойынша шараларды қолданады және сыйайлас жемқорлықта қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

11) басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындаиды;

13) басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын

әзірлеуді ұйымдастырады;

15) қызмет этикасы нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік тендік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындарды.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсенбі мен жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) Басқарманың жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін. Сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс іstemейді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

24. Басқарма мен облыс әкімдігі арасындағы, басқарманың әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

#### **4. Басқарманың мұлқі**

25. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Басқармаға бекітілген мұлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.04.2016 № 430 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін**

**күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

28. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК